

Қ. Т. Бұлқанов, криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ОКИҒА ОРНЫНЫҢ СИТУАЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өткен ғасырдың 1979-1980 жылдары аралығында Г. Л. Грановский оқиға орнының ситуалогиялық зерттеуінің түсінігін бірінші болып ұсынды. Оқиға орнының ситуациясы қандай да бір уақытта пайда болатыны, оның бүтіндей заттай жағдайы, құрылымы, сонымен қатар құрылымы ауыспалы, нақты іздердің және басқа да заттардың жиынтығы туралы ретін анықтаған¹.

Көптеген криминалист-ғалымдар оқиға орнында қылмыстың жасалу механизмін қалпына келтірумен байланысты және іс үшін маңызы бар кейбір жағдайларды, дәлелдемелік заттарға зертханалық зерттеу жүргізу кезінде ғана анықтауға мүмкін бола бермейтіндігі бұрынырақта да айтылған. Оларды анықтау үшін тікелей оқиға орнында зерттеу қажет.

Дәстүрлі зерттеулерден ерекшелігі ол жалпы оқиға орнында материалдық жағдайы шағылысқан, зертханалық жағдайда зерделенген жеке іздер мен заттар нақты бір жағдайда жұлынып алынған ситуациялық зерттеудің объектісі тікелей оқиға болып саналған. Г. Л. Грановский дұрыс атап өткендей «тергеушілер мен сот сарапшылар табылған оқиға орнындағы барлық материалдардың, объектілердің жиынтықтарын терең зерттеу үшін жеке бөліктерге бөледі. Бірақ та, осымен қатар бүтіндігі маңызды мөлшерде жойылады»¹¹.

Іздер мен заттарды жекелік қасиеттері бар деп қана қарастырып отырмай, олардың қасиеттерінің жиынтығын, оның материалдық жағдайын құрастыратын, толықтай оқиға орнына тиісті, оқиға орнында алынған маңызды криминалистикалық ақпараттың көлемін елеулі көбейтуге болады.

Оқиға орнын материалдық жағдайын зерттеу кезінде, тергеліп жатқан қылмыстың барлық мән-жайы — метеорологиялық жағдайы, жарық түсуі, тәулік уақыты, қатысушылардың физикалық жағдайлары, бөлменің ауқымдылығы және т. б. талданады. Материалдық жағдайдың талдауы оқиғаның себептерін дәлелдеу кезінде, сондай-ақ тергеліп жатқан қылмыстың механизмін анықтау үшін бағытталуы өте маңызды мағынасы бар.

Оқиға орнының ситуалогиялық зерттеуі қылмыстың механизмінің осындай аспектілерін айқындауға мүмкіндік береді, мысалы, саны, жынысы, қылмыскерлердің физикалық қабілеттері, белгілі бір іс-әрекетті орындау үшін жұмсалған уақыты, оқиғаға қатысушылардың іс-әрекеттерінің жүйеліктілігі, олардың орны бойынша хабардарлығы және т. б.

Сонымен қатар, криминалист-ғалымдардың арасында ситуалогиялық зерттеу бойынша ортақ ой жоқ. Р. С. Белкин ситуалогиялық зерттеуінің түсінігін қабылдай отыра, логика бойынша оларды диагностикалық деп тануын дұрыс деп санайды¹¹¹. Басқа ғалымдар ситуалогиялық зерттеудің концепциясының өзін сынға түсіреді, өйткені бұл зерттеу маман мен тергеушінің арасындағы күзірет шегінің өзара қатынасын есепке алмайды. Мысалы, Д. А. Турчин айтады, ситуалогиялық зерттеу жүргізгенде «...дәлелдеу функциясын зерттеуге аударуы көзбе-көз көрініп тұр, сонымен қатар тергеушінің бейнесі екінші соңғы жағында қалған, өйткені қылмыс жасалған материалдық жағдайының зерттеу сұрақтары, сондай-ақ зерттеуге жататын объектілерді таңдауды мамандар өздері шешеді. Осы жағдайда мамандар «тергеуші ғалым» ретінде көрінеді деп толық айтуға болады»¹¹⁴.

Негізінде маман мен тергеуші арасында күзіреттілік шегінде қақтығыс болмайды, осы себеп бойынша: біріншісі оқиға орнының материалдық жағдайын тікелей зерттейді, ал екіншісі — оның сот-тергеулік зерттеуін жүргізеді.

Маман өзінің зерттеуін жүргізу кезінде, тергеп-тексерілетін қылмыстың толық механизмін зерделеуге мүмкіндігі бар, бірақ та өзінің арнайы білімінің негізінде, өзінің күзіретінен шықпай оқиға орнының материалдық жағдайы туралы ақпаратты алуы бойынша мәліметтерге сүйенеді. Бірақ та ол қосымша, тергеп-тексерудің нәтижелерін қолданса (мысалы, куәлардың айғақтары), онда оның қорытындысы субъективті және шартты сипатты болады. Мысалы, өрттің себебін анықтау кезінде маман куәның айғағы

бойынша қашан және қай жерден түтін шыққанын, қандай түсі және иісі болғаны туралы мәліметтерін қолданса, онда маманның қорытындысының дұрыстығы куәлардың дұрыс көрсетуіне тікелей байланысты^V.

Қылмыстың материалдық жағдайының сот-тергеулік зерттеуі, маман зерттеуінен айырмашылығы барлық дәлелдеме жиынтығына, сонымен қатар маманның қорытындыларына негізделеді.

Баяндау нәтижесінде, оқиға орны маман зерттеуінің мүмкін және тиісті заты болу керек. Логикалық және процессуалдық негізде мұны мойындамаушылықты біз ұсына алмаймыз. Осымен қатар айта кететін жайт, маман өзінің құзіретінің шегінен шығып кетпеу керек.

Оқиға орнының ситуалогиялық зерттеуіне тәріздес, оқиға орнын қарау тактикасы көзқарасы бойынша — қылмыстық және техногендік жарылыстар, апаттар, әуеапаттары, террористік актілер ең күрделі зерттеулер жүргізу кезінде тиімді болу мүмкін.

Оқиға орнының материалдық жағдайы, бүтін, заттардың зерттелу жиынтығы ретінде, жеке іздер мен заттардан айырмашылығы, жаңа криминалистикалық манызды ақпаратты анықтауға көмектеседі.

Осы жағдайдың ең жарқын иллюстрациясы ретінде Иркутск-II қаласында «Руслан» ұшағының құлағанын тергеп-тексеру саналады. Осы апат бойынша сот-медициналық сарапшыларға бұзылу сипаты бойынша, ұшақта кімнің болғаны және кім жерде өлгенін анықтауға қиындық туғызды, сонымен қатар ұшақтың елді мекенге құлауы кезінде бұзылу сипаты әртүрлі болған деген болжамдарды әшкерелеу. Иркутск-II тұрғындарының арасында өлгендерінің көптеген жарақаттары, экипаждыкі сияқты, оларды денелері ұшақтың бөлшектеріне қатысты орналасуына қарай бөлуге мүмкін болды. Әуе апаттарының орнын қарап-тексеру кезінде мәйіттер мен дене мүшелерінің фрагменттерінің орналасуын ұшақтың сынықтарына «байланыстырады», осының көмегімен адам ұшақтың қай жерінде болғанын анықтау үшін мүмкіндік беріп, нәтижесінде бұл тану үшін көп көмегін тигізді. «Руслан» ұшағы құлаған кезде оның соңғы бөлігі ғана сақталған. Алдыңғы жағында (фюзеляжда) 2 экипаж, яғни 24 адам болған. Оның құлап, қираған жерінде адам мәйіттері табылып, сонынан олардың ұшақ пилоттарының дене мүшелері екендігі анықталды және расталды^{VI}.

Оқиға орнының материалдық жағдайын талдау әдістемелері автотехникалық, көліктік-трасологиялық, сот-баллистикалық, трасологиялық зерттеулер жүргізуде кеңінен қолданылады. Осы әдістемелер жарылыстехникалық зерттеулер жүргізу кезінде қолданылып, әрбір үшінші зерттеу жарылыстың механизмін анықтаумен байланысты. Мұндай көзқарас толық ретте оқиға орнының материалдық жағдайын түсінуге негізделген және қылмыстың жасалу әдісін, қылмыскердің іс-әрекетін зерттеуге мүмкіндік береді.

Мысал ретінде, дәнекерлеу іздерін тауып, маман құрылғыны даярлаушыны немесе бұзушының дәнекерлік дағдысы туралы шамаланған қорытынды жасай алады. Жарылыс іздері оның бағытталған сипатын көрсетеді және даярлаушының саперлық, жарылыс ісі және т. б. бойынша дағдысын куәландырады.

Әдетте оқиға орны объективті және субъективті факторлар әсерлерінен белгілі бір уақыт аралығында өзгеріске ұшырайды, сондықтан қылмыстың материалдық жағдайын зерттеуді мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүргізу қажет.

Тәжірибеде кеңінен тараған, оқиға орнын асығыс қарап-тексеруден кейін қылмысты тергеп-тексеру механизмін анықтау мәселелері мен осы оқиғаның себептерін, оқиға орнында болмаған маманға жүктеуі, принципіалдық тұрғыда дұрыс емес болып саналады. Мұндай жағдайда маман табылған іздер мен заттарды, процессуалдық бекітілген және оның қарамағына ұсынылғандарды ғана зерттей алады. Оқиға орнын зерттеуде, қарап-тексеру хаттамасындағы, сызбалар, сұлбалар және де басқа да құжаттар қаншалықты жақсы орындалғанымен, маманның тікелей өзінің қатысқаны, зерттегені біздің пікірімізше дұрыс және оң нәтижелер береді деген ойдамыз.

Тергеуші өрт, жарылыс, әуе апаттары, өндірістік апаттар салдарымен қақтығысқанда, жиі қылмыс белгілерін көрсететін дұрыс, жеткілікті, толық мәліметтерге қол жеткізбейді. Тәжірибеде мұндай жағдайда зерттеулер оқиға орнында жүргізіледі. Бірақ та, осы зерттеу түрінің қажеттілігі жол-көлік оқиғалары, мәйіт табылғанын тергеп-тексеру кезінде

туындайды. Осыған ұқсас жағдайлар оқиға орнында ситуалогиялық зерттеулер жүргізуді, қылмысты тергеп-тексеру механизмін анықтауға мүмкіндіктер береді.

-
- ⁱ Грановский Г. Л. Проблемы новой ситуационной экспертизы места происшествия // Теория и практика криминалистической экспертизы. — Волгоград, 1980. — С. 28.
 - ⁱⁱ Грановский Г. Л. Ситуалогическое исследование места происшествия // Программированные и ситуалогические методики трасологических исследований. — М., 1979. — С. 104.
 - ⁱⁱⁱ Белкин Р. С. Курс криминалистики: Частные криминалистические теории: В 3-х т. Т. 2 — М., 1997. — С. 273.
 - ^{iv} Турчин Д. А. Проблема экспертного исследования места происшествия (критика концепции ситуационной экспертизы) // Криминалистические проблемы пространственно-временных факторов в расследовании преступлений: Сб. науч.тр. — Иркутск, 1983. — С. 45.
 - ^v Вещественные доказательства: информационные технологии процессуального доказывания / Под ред. В. Я. Колдина. — М., 2001. — С. 15.
 - ^{vi} Дьячков В. Притяжение земли // Итоги. — 2003. — № 27.